

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлишар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

Шагирова Дильназ Русланқызы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасы
(sdilona01@mail.ru)

ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл баяндамада жасанды интеллектінің білім беру саласындағы, соның ішінде әдебиет пәнін оқытудағы рөлі қарастырылады. ЖИ технологияларының оқыту үдерісін жекелендіру, мәтінді талдау, шығармашылық тапсырмалар әзірлеу және уақытты тиімді пайдалану мүмкіндіктері сипатталады. Сонымен қатар технологияның этикалық қырлары мен мұғалімнің тәрбиелік рөлінің алмастырылмайтыны негізделеді. ЖИ – білім берудегі құрал, ал шешуші тұлға – саналы педагог екені айқындалады. Зерттеудің мақсаты: Әдебиет пәнін оқыту үшін цифрлық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты талдап, дифференциацияланған оқыту сынды функцияларды бағалап, оқушының критикалық ойлау мен интеллектуалды креативті қабілетін жетілдірудің негізін анықтау. Зерттеудің міндеті: Оқыту процесінде әдебиет пәнін жасанды интеллектінің көмегімен негіздеп, педагогикалық әдіс-тәсілдерді жинақтау, образдық және жанрлық ерекшеліктерді жіктеп, әдеби дискурстық талдау әдістері аясында зерттеу. Жасанды интеллектің педагогикалық мүмкіндіктерін пайдаланып, білім беру жүйесіне қолдану үшін отандық және шетелдік еңбектерге ретроспективті зерттеу жүргізілді, зерттеудің мақсаты мен міндеті концептуалдық тұрғыда айқындалды.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, білім беру, әдебиет пәнін оқыту, цифрлық технологиялар, педагогикалық инновациялар,

Технологиялық революция дәуірі адам мен компьютер арасындағы жаңа бәсекелестікті қалыптастырып, ескі көзқарастарды талқандап, жаңа құралдар мен жаңашыл идеяларды жүзеге асырып жатыр. Адамның ақыл-ой жұмысын жеңілдетуді мақсат еткен жасанды интеллект өміріміздің барлық саласында, атап айтсақ, медицина, өнеркәсіп, білім беру, ауыл шаруашылығы, жол қозғалысы сынды қажетті әрі өте маңызды сферада кездеседі. Тіпті ақылды аудармашылар мен смартфондағы виртуалды ассистенттер күнделікті көмекші құралға айналды. Осының нәтижесінде елімізде ұлттық деңгейде ЖИ стратегиясы әзірленіп, мемлекеттік деңгейде жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Сонымен бірге Alem.ЖИ орталығының ашылуы мен қазақтілді Alem LLM моделінің жасалуы Қазақстанның цифрлық трансформацияның жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсетеді.

Алғаш 1956 жылы америкалық ғалым Ж.Маккарти енгізген «Жасанды интеллект» термині қазіргі таңда кең етек алып, күрделі басымдыққа ие болды. Зерттеуші өз еңбегінде жасанды интеллектінің екі бағытта жүзеге асатынын

жазған. «Біріншісі, адамның интеллектуалды әрекетін қарастырса (есептер мен теоремаларды шешу, т.б.), екіншісі адамның саналы іс-әрекетін қарастырады» [1]. Қазір әлемде 27 мыңнан астам ЖИ құралы бар, алайда көптеген адам ақпарат ағынында адаспай, бұл құралдың ең тиімдісін қалай қолданамын, қайтіп пайдаға жаратамын деп бас қатыруда. Ал прогрессивті жастар заман талабына сай цифрлық көкжиегін кеңейтіп, жасанды интеллектіні дайын жауап алу үшін емес, сыни ойлау құралы ретінде пайдалануды меңгеріп жатыр. Біз үшін дайын жауапқа мәз болатын емес, дұрыс сұрақ қоя алатын ұрпақ тәрбиелеу маңызды.

«Зияткер» технологияның көпқырлы екені рас, бірақ пайдасымен қоса, зияны да бар екенін ескеру қажет. Мәселен, Фрэнсис Фукуяма деген ғалым бұл үдерісті «постантропологиялық» немесе «постадами дәуір» деп атауды ұсынады [2]. Ол технологияның адам табиғатын өзгертіп жіберу қаупін меңзейді. Біз генетикалық инженерия мен нейротехнологияларды бақылаусыз қолдансақ, «адам құқығы» негізделген биологиялық және моральдық іргетас шайқалуы мүмкін. Құқықтық және этикалық негізді дұрыс қаламасақ, цифрландыру сенім дағдарысына әкеледі [3]. Технологиялық өркениеті өзіндік өлшемге түскен қоғамды жойып, бағзы қалпына қайтару мүмкін емес. Бірақ саналы әрекет ететін, критикалық дәрежеде ойлай алатын әлеуметтік субъектілердің күшімен адамгершілік, әлеуметтік әділетті қоғамға айналдыруға болатынын түсінуіміз қажет.

Жасанды интеллект есептеу, болжау, шығармашылық мәтін секілді адамның когнитивті функцияларын модельдей алады. Алайда адамзат «адам секілді модельдеу» мен «адам болу» ұғымдарының екі бөлек дүние екенін ескеруге тиіс. Цифрлық технологияда ішкі әлем, рухани тұтастық, сезім, ар-ождан, сенім секілді ізгі амал, парасатты пайым, сындарлы сана жоқ. Ол статистиканың шебері болғанымен, мағына мен мазмұнның иесі емес.

Білім беру саласында цифрлық технология ұстаздың орнын баса алмайды, түрлі ақпаратты жинақтап, салыстыра зерттеу бергенімен, даналық үйрете алмайды. Философиялық тұрғыдан алғанда, адам – мақсат пен жауапкершіліктің иесі, ал ЖИ сол мақсатқа жетудің құралы ғана. Сондықтан ұстаздың тәрбиелік ролін технология алмастыра алмайды. Бірақ ұстаздың еңбегін жеңілдетуге жаңаша серпін беріп, қағазбастылықтан құтқарып, нақты деректермен жұмыс істейтін мәдениет қалыптастыруға жоғары қарқынмен көмектесе алады. Құжат өңдеу, ақпарат іздеу, мәтінді сұрыптау, көркемдік идея жинақтау бойынша ЖИ адамнан әлдеқайда жылдам әрекет етеді. Алайда эмпатия, күрделі этикалық шешім қабылдау, оқушының көзіндегі ұшқынды байқап, рухани қолдау көрсету – мұғалімнің міндеті. Ұстаздар оқушыларға дайын жауапты көшіріп алуды емес, ЖИ-ды қолдана отырып, одан да күрделі мәселелерді шешуді үйретуге тиіс. Сондай-ақ жасанды интеллектінің шексіз білім алу мүмкіндігі екенін ескеріп, уақытты үнемдеуге жағдай жасауы қажет.

Ушинскийдің «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен, оның мұғалімдігі де жойылады» деген сөзін бағамдасақ, мұғалім заман көшінен қалмай, сабақты жүйелі ұйымдастыра білуі қажет. Ол сабағын халықтық стандарттарға сай, жаңа құралдарды меңгере

отырып, жасанды интеллектінің көмегімен жүргізсе, оқушының қабылдауы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жеңіл болмақ.

Әдебиет сабағында жасанды интеллектіні қолдану уақытты тиімді пайдалануға, автордың шығармашылығын жаңа қырынан бағамдауға, мәтінді сұрыптауға, композицияны ажыратуға көмектеседі. Бұрын әдеби шығармаларды талдау адамның ойы арқылы жасалса, қазір ЖИ том-том романдарды тез өңдеп, жасырын тақырыптарды тауып, стильдік ерекшеліктерді айқындап, кейіпкерлер арасындағы байланысты көрсетеді және эмоциялық реңкті анықтай алады. Жанр мен стиль ерекшелігін белгілеп, әдеби ағым, мәдени код туралы зерделеуге, сөздікпен жұмыс істеуге, тест пен тапсырма құрастыруға, кейіпкерлерді әр қырынан қарауға мүмкіндік береді. Оқушы викториналар құрастырумен қатар, мультидисциплинарлық байланыс орнатып, шығарманы мәдени, әлеуметтік, саяси контекстерде көрсете алады. ЖИ арқылы мәтінді альтернативтік нұсқалармен толықтырып, жасампаз идеяларын сахналап, дыбыстап, ескі заманның бейнесін солғын күйден жаңаша сипатта көрсетуге мүмкіндігі ашылады.

Қазіргі таңда әдебиет сабағында жасанды интеллектінің көмегімен аниме стилінде жасалған комикстер көрнекі құралға айналып, жаңаша бағыт алған. Аниме-манго стилінде, ақ-қара стильде түрленген комикстер оқушының шығармаларды жеңіл түсінуіне көмектесіп, том-том романдарды оқуға қызығушылығын оятады. Мәселен, Көркемай есімді студенттің Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай жасанды интеллектінің көмегімен жасаған комиксі батырдың ерлігі мен рухын қазіргі заман талабына сай жеткізген. Жасанды интеллекттің шығармашылық салада қолданылуы, сондай-ақ тарихи тұлғаның ерлігін жаңа формада танытудағы жаңашылдық оқушы танымын кеңейтіп, шығармашылық зердесін ұштайды. Бір қызығы мұндай комикс кітаптарды ең алғаш Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылы «Жаман тымақ» ертегісінде қолданып, қазақ әдебиетіне жаңа үлгі енгізген болатын. 48 беттен тұратын адалдық, әдептілік, елдік пен ерлік салттарын жырлаған бұл еңбек қазір жаңа үлгіде ЖИ-дың көмегі арқылы жасалып, оқушы қауымға кең насихатталып жатыр. Бұл – мәдени сабақтастық әрі ғылыми тұтастық [3, 45].

Сонымен қатар жасанды интеллект – жекелендірген оқытуға (personalization) үлкен мүмкіндік беретін құрал. Әр оқушының деңгейіне, қабылдау қарқынына және мақсатына қарай жеке оқу траекториясын құру бұрын қиял сияқты болса, қазір шындыққа айналды. Бұл бір сыныпта отырған, білім деңгейі әртүрлі оқушылармен жұмыс істеуді мұғалім үшін әлдеқайда жеңіл етеді. Бағалау, тест құрастыру, материалдарды бейімдеу сияқты қайталана беретін жұмыстарды ЖИ өз мойнына алады. Нәтижесінде мұғалімнің оқушымен тікелей қарым-қатынас жасауға, тәрбиелік және шығармашылық жұмыстарға көбірек уақыты қалады [4].

Қазір ЮНЕСКО мен басқа да халықаралық ұйымдар ЖИ-дың инклюзивті білім беруде, яғни ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолжетімділікті арттыруда нақты нәтиже бере бастағанын айтады. Демек, ЖИ білім беру жүйесінде әлдеқайда зор ықпалға ие болып, маңызды құрылымға айналмақ.

Десе де, мұғалім жасанды интеллектінің пайдасы мен зиянын ескере отырып, жаңашыл әрі оқушыға жанашыр болуды ұмытпауға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жасанды интеллекттің жетістігі. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://qazaqtimes.com/article/85732>
2. Фукуяма Ф. Наше постчеловеческое будущее: Последствия биотехнологической революции. – М.: АСТ, 2004. – 352 с.
3. Амангельдиев А. «Цифрландырудың философиялық мәселелері»: монография – Астана: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2023. –124б
4. Сатаева Мейрамгүл. Цифрлық Қазақстанның басты капиталы – адами ресурс // Ақтөбе газеті. 2025 жыл

Мұса Анизат Сейдазымқызы

«Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі»

Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ш.Қосшығұлұлы көшесі 3/1

(anizat_musa@mail.ru)

КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

***Аңдатпа.** Мақалада оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуда креативті әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі жан-жақты қарастырылады. Кейіпкерге сипаттама беру, трансформациялау, рөлге ену сияқты тапсырмалар арқылы оқушылардың сөздік қоры, сыни ойлауы, ойлау қабілеті мен шығармашылық белсенділігі артқаны тәжірибе нәтижелерімен дәлелденеді. Мақала нәтижелері креативті тапсырмаларды жасату арқылы оқушылардың жазба жұмысына деген қызығушылығы артқанын көрсетіп отыр. Жазуда сөйлемдерді байланыстыра алмау, ойды шашыраңқы, жүйелі жеткізе алмау, сөздердің қайталанулары сияқты олқылықтарды жоюдың тиімді тәсілі.*

***Түйін сөздер:** Креативті жазылым, оқушы, тиімді әдіс, тапсырма.*

Қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың жазылым дағдыларын дамыту – өзекті мәселелердің бірі. Көп жағдайда оқушылар ойын жүйелі жеткізе алмау, сөйлемдерді байланыстыра алмау, сөздерді орынсыз қайталау сияқты қиындықтарға тап болады. Бұл олқылықтарды жоюда дәстүрлі тапсырмалар жеткіліксіз. Сондықтан оқушылардың креативті ойлауын дамытатын, жазуға қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану мұғалімнің басты міндетіне айналып отыр. Осы тұрғыда креативті жазылымға негізделген тапсырмалардың маңызы ерекше.

Зерттеудің мақсаты – Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуда креативті әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігін анықтау және олардың